

Баяндама

*Дайындаған :№1 ОМ Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі:
Тунгышбай.О*

Осакаровка кенті 2014ж

Спорт-денсаулық кепілі



Дене шынықтыру пәнінің келешек ұрпақ өмірінде алатын орны

Жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Демек болашақ азаматтың дені сау, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіріп өсуіне мектептердегі дене шынықтыру пәнінің қосар үлесі зор.

Қазақтың кемеңгер ақыны дене тәрбиесіне зор көңіл бөлетін

Мағжан Жұмабаевтың;

«Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды.

Дене - жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты
берік болмақ,

Дене - жанның құралы. Құрал мықты болса иесі де
мықты.

Сау жан –сау денеде ғана болады»-деген сөзі де бар.

Дене-тәрбиесі сабағының әр бөлімінде

Оқушылардың жылдамдық, ептілік, төзімділік,
шыдамдылық, ұжымшылдық т.б қасиеттерін
дамытуына ерекше көңіл бөлінген.Енді соларға
тоқтала кетсек.

Жеңіл атлетика адамзат баласы мен бірге жасап, дамып келе жатқан спорттың ең көне түрі болып саналады. Жеңіл атлетиканың жетістіктері қазіргі кезде басқа спорт түрлеріне ерекше ықпалын тигізіп келеді, өйткені спорттың барлық түріде жеңіл атлетиканың жүру, жүгіру, лақтыру, секіру сияқты негізгі жаттығулар арқылы дамиды.

Спорт ойындары 1-4 және 5-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми тұтастықпен қатар сабақтастық қатан сақталған. Дене жаттығуларының міндеттері спорт ойындары арқылы шешіледі. Негізгі спорт ойындары: баскетбол, футбол, волейбол.

Баскетбол ойыны – ойыншының күшін молайтып ептілік, төзімділік қасиеттерін шындайды.

Футбол ойыны – жалдамдықты, күшті, икемділікті, төзімділікті дамытады.

Волейбол ойыны – бұлшық еттердің барлық топтарын секіргіштік, икемділік және қозғалыс реттілігінің үйлесімді дамуына көмектеседі.

Шаңғы және конькимен жүру және жүгіру — күшті дамытуға, салмақты тең ұстап жүруге, көзбен мөлшерлей білуге, ептілікке, табандылыққа, батылдылыққа жаттықтырады.

Тоғызқұмалақ , шахмат ойындары өте қызықты әрі күрделі көп ойлануды қажет ететін ойындар.Бұл ойындар адамның терең ойлау жақсы есте сақтау және математикалық қабілеттерін жетілдіреді.

Оскарлов №1 орта мектебінде жылдық мектеп жұмыс жоспарының негізінде мұғалімдер, оқушылар, бастауыш сынып бүлдіршіндері арасында спорт түрлерінен сайыстар, ойындар жиі өткізіліп отырады. Бұл сайыстарды өткізудегі мақсатымыз - әр тұлғаны дене тәрбиесіне жақын болуға, спортпен шұғылдануға тарту, белсенділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу, бос уақыттарын тиімді пайдалуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Мектебімізде дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің өткізуімен спорттық ойындардан үйірмелер де жұмыс істейді.

Біздің 2013 – 2014 оқу жылында жеткен жетістіктеріміз

№	Спорт түрі	Аудандық зональдық	Аудандық финалдық	Облыстық
1	Футбол	II	-	-
2	Тоғызқұмалақ	I	I	V1.Рахметов.С – 10 сын 2.Раздан А-10 сын 3.Бегарыс Т-8сын 4.Тиакпеава.Д- 11сын 5. Тунгышбай А- 5 сын
3	Шахмат	II	IV	-
4	Стол теннисі	I	IV	-
5	Баскетбол	I	I	II
6	Қазақша күрес	I	I	Рахметов.С-10сын облыстық сайысқа қатысып 4 орын иеленді





жеңімпаздары.











*Баскетболдан облыстық сайыс
жүлдегерлері.*



Сонымен қатар біздің оқушыларымыз ауданымызда мерекелерге байланысты өтетін барлық жарыстарға белсенді түрде қатысып отырады. 16-18 желтоқсан арасында өткен баскетбол, тоғызқұмалақ, қазақша күрес сайыстарында орын иеленген оқушыларымыз. Баскетбол ұлдар командасы І орын, қыздар командасы ІІ орын иеленді. Тоғызқұмалақ ұлдар арасында Раздан Ақайдын І орын, қыздар арасында Тұңғышбай Ақерке І орын иеленді.

Қортындылай келгенде дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысқан оқушыларымыз, айналыспаған құрдастарына қарағанда денсаулығы мықты, әр түрлі жаңалықтарды сергек қабылдап ой елегінен өткізуге қабілетті келетіндігі ғылым мен тәжірибеде дәлелденген. Спорт қоғамда жатқылықтармен күресуде, ұжымдық көзқарасты қалыптастыруда белсенді өмірмен жоғары адамгершілік қасиеттерді дамытуға маңызы зор екені белгілі болды. Дене тәрбиесімен айналысқан оқушыларымыз келешекте жоғарғы оқу орындарында дене тәрбиесі және спорт бөліміне А.Ә.Д және туризм салаларына, құқық қорғау органдарына сынақ тапсыру арқылы өз мамандықтарын таңдай алады.



**Назарларыңызға
рахмет!**